

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА:
ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

**10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ**

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

СЕКЦИЯ 11**АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА
ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ
АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бөлебай Айша Болатқызы

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті «Сот-
прокурорлық және тергеу криминалистикалық қызметі» білім беру*

бағдарламасының

1 курс студенті.

aisha.bolebay@icloud.com

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к. Муратханова М.Б.

Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық – кез келген өркениетті қоғам үшін төтенше алаңдатарлық мәселе. Бұл құбылыс тек жекелеген отбасыларға емес, бүкіл қоғамның әлеуметтік, мәдени және құқықтық дамуына кері әсер етеді. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалардың психологиялық жарақаты, эмоционалдық тұрақсыздығы мен әлеуметтік бейімделуінің қиындығы – ертеңгі ересек азаматтардың тұлғалық қалыптасуына үлкен қауіп төндіреді. Себебі бүгінгі бала – ертеңгі елдің тұтқасы, ел болашағының айнасы. Егер біз балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмасак, онда болашақтың берік іргетасы шайқалады.

Мемлекеттің басты міндеттерінің бірі – баланың құқықтары мен бостандығын қорғау. Қазақстан Республикасында бұл салада бірқатар құқықтық нормалар мен алдын алу шаралары қабылданғанымен, қазіргі таңда кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын зорлық-зомбылық фактілері әлі де азаяр емес. Бұл – тек заңнамамен шектеліп қалмай, жан-жақты кешенді көзқарасты талап ететін маңызды мәселе.

Осыған байланысты ғылыми жұмыстың мақсаты – Қазақстанда кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелерін жан-жақты талдау, проблемалық тұстарын анықтап, тиімді шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу міндеттері:

- Зорлық-зомбылық ұғымының мәнін ашып, оның түрлерін нақтылау;
- Қазақстандағы қазіргі ахуалды ресми статистика арқылы сипаттау;
- ҚР заңнамасында қарастырылған құқықтық жауапкершілік тетіктерін талдау;
- Алдын алу бағытындағы шараларды бағалау және кемшіліктерін анықтау;
- Халықаралық тәжірибелермен салыстыра отырып, отандық жүйені жетілдіруге арналған ұсыныстар әзірлеу.

Зорлық-зомбылық – бұл тұлғаның еркіндігіне, денсаулығына, ар-намысына және психикалық ахуалына қарсы бағытталған, күш көрсету арқылы жүзеге асатын әрекет немесе әрекетсіздік. Ол адамға физикалық, психологиялық, жыныстық немесе әлеуметтік-экономикалық зиян келтіріп, оның дамуына кедергі келтіреді. БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) мәліметінше, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық – бұл балаға қасақана немесе байқаусызда зиян келтіретін кез келген мінез-құлық немесе тәрбие тәсілі болып табылады.

Кәмелетке толмағандарға бағытталған зорлық-зомбылықтың бірнеше негізгі түрі бар:

Физикалық зорлық-зомбылық – бұл баланың денесіне күш қолдану арқылы ауырсыну немесе зақым келтіру (мысалы, ұрып-соғу, итеру, күйдіру, тұншықтыру, дене жарақаттарын салу) . Мұндай зорлық түрі баланың физикалық және психологиялық дамуына кері әсерін тигізеді.

Психологиялық (эмоциялық) зорлық-зомбылық – қорқыту, қорлау, кемсіту, айғайлау, балағаттау, оқшаулау, бақылау және манипуляция сияқты әрекеттер арқылы баланың өзін-өзі бағалауына және психологиялық тұрақтылығына нұқсан келтіру .

Жыныстық зорлық-зомбылық – кәмелетке толмаған баланы жыныстық сипаттағы әрекеттерге итермелеу немесе мәжбүрлеу. Бұл тек физикалық әрекеттермен шектелмей, балаға порнографиялық материалдарды көрсету, оған қатысты әңгімелер айту немесе тиісу арқылы да жүзеге асуы мүмкін .

Экономикалық зорлық-зомбылық – баланың негізгі материалдық қажеттіліктерін (тамақ, киім, білім, медициналық көмек) шектеу, оның еңбек күшін заңсыз пайдалану, немесе қаржылық ресурстарды мақсатсыз қолдану арқылы оны шектеу.

Қамқорлықтың болмауы (немқұрайлылық) – бұл баланың өмір сүруі мен дамуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етпеу. Ата-ана немесе қамқоршы тарапынан немқұрайлылық баланың қауіпсіздігін, денсаулығын, білім алуын және әлеуметтік дамуын тежейді .

Аталған зорлық-зомбылық түрлерінің барлығы баланың тұлғалық қалыптасуына кері әсерін тигізіп, оның болашақ өмірінде девиантты мінез-құлық көрсетуіне, тіпті құқық бұзушылық жасауына себеп болуы мүмкін. Сондықтан бұл мәселені ғылыми және құқықтық тұрғыдан терең зерттеу аса маңызды.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі жағдай (статистика мен талдау)

Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар – Қазақстан Республикасындағы өзекті және ерекше назар аударарлық мәселелердің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми мәліметтері бойынша, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, оларды зорлық-зомбылықтан сақтау, сондай-ақ суицидтің алдын алу қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Статистикалық деректерге сәйкес, елімізде балалар саны 6,7 миллионнан асады, оның ішінде 3,7 миллионнан астамы мектеп оқушылары, 2,5 миллионы – мектепке дейінгі жастағы балалар, ал 400 мыңнан астамы колледж студенттері болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 15 халықаралық құжатты ратификациялады, олардың алғашқыларының бірі – Бала құқықтары туралы конвенция болды. Мемлекеттік дереккөздерде атап көрсетілгендей, осы Конвенцияның барлық баптары қазіргі уақытта ұлттық заңнамаға толықтай енгізілген. Сонымен қатар, балалардың құқықтарын реттейтін 45-тен астам нормативтік-құқықтық актілер қабылданған.

Соңғы жылдары құқық қорғау органдары мен прокуратура органдары бұл саладағы заңбұзушылықтарды анықтауға және алдын алуға бағытталған бірқатар жүйелі шараларды жүзеге асыруда.

Ресми статистикалық деректерге сәйкес, кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың саны 2024 жылы аздап төмендегенімен (876-дан 874-ке дейін), бұл мәселе өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Прокуратура органдары бұл бағытта қадағалауды күшейтуді жалғастыруда.

Мәселен, 2024 жылы еліміз бойынша прокуратура органдарының бастамасымен «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» атты кешенді жоба іске асырылды. Аталған жоба балалардың қиын өмірлік жағдайдағы және зорлық-зомбылыққа ұшыраған жағдайларын анықтауға бағытталды. Прокурорлар үйлестіруімен прокуратура, полиция, білім беру, қамқоршылық және қорғаншылық, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау салаларының мамандарынан, сондай-ақ психологтардан құралған мобильді топтар құрылып, 115 мыңнан астам отбасы қамтылды.

Бұл іс-шаралар нәтижесінде балаларға қатысты жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық, отбасындағы азаптау, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау және өзге де фактілер бойынша 73 қылмыстық іс тіркелген. Сонымен қатар, прокурорлар тарапынан бұрын тіркелмеген 40 қылмыстық құқықбұзушылық

анықталған, бұл — балаларға қатысты қылмыстардың жасыру фактілерінің әлі де кездесетінін көрсетеді.

Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істерді тергеу барысында білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларындағы лауазымды тұлғаларға, сондай-ақ зардап шеккен балалардың ата-аналарына қатысты немқұрайдылық, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау және балаларға қатысты жасалған қылмыс туралы хабарламау деректері бойынша 40 қылмыстық іс қозғалды. Олардың үшеуі бойынша сот үкімі шығып, кінәлілер жауапқа тартылды.

Бұл мәліметтер Қазақстандағы балалардың қауіпсіздігі мәселесі бойынша құқық қорғау жүйесінің белсенді әрекет етіп отырғанын көрсеткенімен, балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау бағытында атқарылатын жұмыстардың әлі де жеткіліксіз екенін байқатады. Қоғамдық және мемлекеттік институттар тарапынан кешенді алдын алу шараларын жүргізу – маңызды басымдық ретінде қарастырылуы тиіс.

Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалардың әлеуметтік портреті

Зорлық-зомбылық құрбанына айналатын балалардың әлеуметтік портретін қалыптастыру – бұл мәселені алдын алуға бағытталған тиімді шараларды әзірлеу үшін аса маңызды. Зерттеулер мен тәжірибелік деректер көрсеткендей, зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар көбіне әлеуметтік әлсіз топтардан шығады.

Мұндай балалардың көбісі толық емес отбасыларда, әлеуметтік жағдайы төмен ортада тәрбиеленеді. Көбіне ата-аналары жұмыссыз, ішімдікке немесе нашақорлыққа тәуелді адамдар болады. Сондай-ақ, кей жағдайларда сырттай қарағанда «қалыпты» отбасыларда да зорлық әрекеттері жасырын түрде орын алуы мүмкін – мұндай отбасыларда балалардың ішкі жан дүниесіне, эмоциялық жағдайына мән берілмейді, бірақ ата-ана беделін сақтау мақсатында жағдай сыртқа шығарылмайды.

Балалар үйінде немесе интернаттарда тәрбиеленіп жатқан кәмелетке толмағандар да зорлық-зомбылықтың жоғары тәуекел тобына жатады. Бұл мекемелерде тәрбиешілердің бақылауының әлсіздігі, персоналдың жеткіліксіздігі және эмоционалды қолдаудың жоқтығы балалардың қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

Қылмыстың таралу аймақтары (ауыл, қала, аймақтық ерекшеліктер)

Кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын қылмыстардың таралуында аймақтық айырмашылықтар анық байқалады. ҚР Бас прокуратурасы мен ПМ мәліметтеріне сәйкес зорлық-зомбылық қылмыстарының географиялық таралуы бірнеше факторға байланысты: халық тығыздығы, әлеуметтік жағдай, құқық қорғау органдарының жұмысының тиімділігі.

Қалалық жерлерде: Қылмыстардың саны жоғары тіркеледі, себебі халық тығыз орналасқан, құқық қорғау органдарының статистикасы жүйелі жүргізіледі. Ірі қалаларда (Алматы, Астана, Шымкент) жыныстық сипаттағы қылмыстар мен отбасылық зорлық-зомбылық деректері жиі тіркеледі.

Ауылдық жерлерде: Зорлық-зомбылық көбіне жасырын қалып отырады. Жәбірленушілер көбіне жақын адамдардан қорқады немесе құқық қорғау органдарына сенбейді. Сонымен қатар, мұнда мәдени факторлар (ұят, «отбасылық мәселе») да зорлық фактісін жасыруға ықпал етеді.

Аймақтық ерекшеліктер: Оңтүстік және батыс аймақтарда (Түркістан, Қызылорда, Маңғыстау облыстары) әлеуметтік-экономикалық күрделілік, жұмыссыздық пен тұрмыстық қысым зорлықтың көбеюіне ықпал ететін факторлар ретінде жиі қарастырылады.

БАҚ-тағы жағдай мен нақты мысалдар

БАҚ-та балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесі соңғы жылдары жиі көтерілуде. Бұл қоғамдағы проблеманың өзектілігін арттырып, қоғамдық резонанс туғызады. БАҚ-та жарық көрген мысал:

2023 жылы Түркістан облысында 7 жасар қызға жыныстық сипаттағы зорлық көрсетілгені туралы ақпарат кеңінен таралды. Қоғам тарапынан үлкен резонанс туындап, құқық қорғау органдары іс-қимылды күшейтті. Сот процесі ашық түрде өтті.

БАҚ материалдары тек ақпарат беріп қана қоймай, қоғамдағы балаларға қатысты зорлыққа деген реакцияны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, журналистік зерттеулер жасырынып келген қылмыстардың бетінің ашылуына себепкер болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасындағы кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік.

Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын зорлық-зомбылық әрекеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке жатады. Бұл қылмыстарға қарсы күрес – мемлекеттің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылады.

Қылмыстық жауаптылық мәселелері.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (ҚР ҚК) кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын қылмыстарға байланысты нақты баптар қарастырылған:

120-бап – Зорлау

Бұл бап жыныстық қатынасқа зорлықпен немесе жәбірленушінің еркіне қарсы әрекеттер жасаған тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартады. Егер мұндай әрекет кәмелетке толмағанға қатысты жасалса, жаза мерзімі ұзақ уақытқа созылады (10 жылдан бастап өмір бойына дейін бас бостандығынан айыру).

121-бап – Жыныстық сипаттағы күш қолдану әрекеттері

Жыныстық сипаттағы зорлық әрекеттер, жәбірленушіге күш көрсету немесе оны қорқыту арқылы жүзеге асқан жағдайда, ауырлататын мән-жайлар ретінде қаралады, әсіресе жәбірленуші бала болса.

140-бап – Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау.

Ата-ана немесе басқа заңды өкіл баланы тәрбиелеу міндетінен жалтарған жағдайда, бұл бап бойынша жауапкершілік көзделеді.

141-бап – Кәмелетке толмағанды азғырып жыныстық қатынасқа тарту

Бұл бап кәмелетке толмаған тұлғаны арбау, қорқыту немесе сенімге кіріп, жыныстық қатынасқа тартқан жағдайларды қамтиды.

Аталған баптардың әрқайсысы кәмелетке толмағандардың құқықтарын, ар-намысын, денсаулығын және жыныстық тиіспеушілігін қорғауға бағытталған. Қылмыстық жауапкершілік қатаң, әрі жәбірленушінің жасы мен жағдайы ескерілетінін атап өту маңызды.

Әкімшілік және профилактикалық шаралар.

Заңнамалық негіз тек қылмыстық жаза шараларымен шектелмейді. Кәмелетке толмағандарды қорғауға бағытталған “Балалардың құқықтарын қорғау туралы” Қазақстан Республикасының Заңы (2002 ж.) – балалардың өмір сүруге, білім алуға, денсаулықты қорғауға және зорлықтан қауіпсіз өмір сүруге құқығын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, 2024 жылдан бастап елімізде «Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» жүзеге асырылуда. Жоспар аясында профилактикалық іс-шаралар, ата-аналар мен мектеп қызметкерлеріне арналған оқыту тренингтері, әлеуметтік желілерді бақылау, дағдарыс орталықтары мен сенім желілерінің жұмысын кеңейту секілді жұмыстар жүргізілуде.

Алдын алу шаралары

Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу – бұл тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Соңғы жылдары Қазақстанда мемлекеттік деңгейде бірқатар маңызды бастамалар қолға алынып, балаларды қорғауға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Алайда, бұл бағытта шешілмеген мәселелер мен түйінді проблемалар да аз емес.

Мемлекеттік деңгейдегі алдын алу шаралары

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан қорғау мақсатында бірнеше ұлттық бағдарлама мен жобалар іске асырылуда:

«Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» жобасы – 2024 жылы Бас прокуратураның бастамасымен жүзеге асқан. Жоба аясында қиын жағдайдағы және зорлыққа ұшырау қаупі

бар балалар анықталып, 115 мыңнан астам отбасы қамтылған. Мобильді топтар – полиция, білім беру, әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау саласының мамандарынан құрылған.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар – бұл жоспар арқылы отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу, мектептегі қауіпсіз орта қалыптастыру, сенім телефондары мен психологтардың қолжетімділігін арттыру көзделген.

Балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау мәселесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Осы мақсатта 2022 жылғы 14 шілдеде Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде 2023–2025 жылдарға арналған "Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспарды" (бұдан әрі – Кешенді жоспар) әзірлеуді және қабылдауды тапсырған болатын.

Аталған Кешенді жоспар үш негізгі бөлім мен екі кіші бөлімнен тұрады. Олар:

«Балалардың зорлық-зомбылықтан, жәбірленуден және оларға қатыгездікпен қараудан қорғалу құқығын іске асыру»;

«Балалардың суицидтік және аутоагрессивті мінез-құлқының профилактикасы және оны түзету»;

«Қазақстандық балалардың саламаттылық деңгейін арттыру».

Кешенді жоспардың тиімді жүзеге асырылуына 14 орталық мемлекеттік орган мен 20 жергілікті атқарушы орган тартылған. Үйлестіру жұмысын Оқу-ағарту министрлігі жүргізеді және ол республикалық әрі өңірлік деңгейдегі құқық қорғау институттарының қызметіне қатысты қағидаттар мен әдіснамалық тәсілдерді айқындайды.

Жоспар шеңберінде балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мен оларды қауіп-қатерден қорғау бағытында бірқатар маңызды жаңашылдықтар енгізілді. Атап айтқанда, оқушылар арасында жасырын түрде мәселелерін жеткізе алатын механизм ретінде QR-код арқылы мәтіндік өтініш жолдау жүйесі іске қосылды. Бұл әдіс – балалардың ашық айтуға батылы жетпейтін жағдайларда психологиялық көмекті қолжетімді етуге бағытталған тиімді құрал болып отыр.

Сондай-ақ білім беру ұйымдарында қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру мақсатында арнайы жеке қауіпсіздік сабақтары енгізілді. Бұл сабақтар оқушыларға қауіпсіз мінез-құлықты үйрететін 130 тақырыптан тұратын мазмұнды бағдарлама арқылы жүргізіледі. Бағдарлама тек физикалық қауіптің алдын алумен шектелмей, психологиялық қауіпсіздік мәселелерін де қамтиды.

Еліміздің барлық өңірлерінде психологиялық қолдау орталықтары ашылып, оқушыларға, олардың ата-аналарына және мектеп психологтарына әдістемелік әрі практикалық көмек көрсетуде. Бұдан бөлек, әрбір білім беру мекемесіне ювеналды полиция инспекторлары мен учаскелік полиция қызметкерлері бекітілген, бұл балалардың құқықтарын қорғау мен қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету тетіктерін күшейтті.

Мектептерде буллингке қарсы бағытталған тиімді бағдарламалар да жүзеге асырылуда. Олардың ішінде Финляндия тәжірибесіне негізделген KiVa бағдарламасы мен отандық «ДосболLiKe» жобасы ерекше атап өтіледі. Бұл бастамалар мектепшілік қарым-қатынасты жақсартып, балалардың бір-біріне деген сенімін арттыруды көздейді.

Сонымен қатар, Оқу-ағарту министрлігі ішкі істер органдарының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ата-аналар мен мектеп ұжымдарын тиісті органдарға уақытылы жүгінуге шақырып, ведомствоаралық өзара әрекеттестіктің маңыздылығын ескертуде.

Цифрлық бақылау мен мониторинг – құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мектептерге бейнебақылау жүйелері, қауіп-қатер туралы хабарлау платформалары енгізілуде.

Шетелдік тәжірибе және салыстырмалы талдау.

Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықпен күрес – жаһандық мәселе. Көптеген елдерде бұл мәселені шешу үшін кешенді құқықтық, әлеуметтік және

институционалдық тетіктер қалыптасқан. Қазақстан үшін шетелдік тәжірибені зерттеу – отандық жүйенің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

АҚШ тәжірибесі

АҚШ-та балаларға қатысты зорлық-зомбылықты анықтау мен алдын алу саласында Child Protective Services (CPS) жүйесі жұмыс істейді. Бұл ұйым әр штатта жеке құрылым ретінде қызмет етеді және зорлыққа ұшыраған баланы дереу қорғауға алу, уақытша қамқоршы тағайындау, ата-ана құқығынан айыру бойынша шешім қабылдай алады.

Сонымен қатар, зорлықты анықтауға арналған «Mandatory Reporting Law» қабылданған – педагогтар, медицина қызметкерлері мен әлеуметтік жұмысшылар балаларға қатысты зорлық туралы күдік болған жағдайда бұл факті туралы міндетті түрде хабарлауы тиіс.

- Балалармен жұмыс істейтін мамандардың зорлықты уақытылы тануы;
- Жедел әрекет ететін құрылымдардың тиімділігі;
- Мемлекеттік-қоғамдық серіктестік.

Швеция тәжірибесі

Швецияда балалар құқығы Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы негізінде заң деңгейінде қорғалады. 1979 жылы Швеция ата-аналардың баланы ұрып тәрбиелеуіне заңмен тыйым салған алғашқы мемлекет болды. Қазір бұл елде баланы жазалау – зорлық-зомбылық ретінде танылады және әкімшілік не қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады.

Сонымен қатар, «Barnahus» (Балалар үйі) моделі – зорлыққа ұшыраған балаларды қорғауға арналған озық үлгі. Мұнда балаларға құқық қорғау органдары, дәрігер, психолог және прокурор бір жерде, бірақ балаға психологиялық салмақ салмай, үйлесімді түрде қызмет көрсетеді.

- Баланың психологиялық қауіпсіздігіне басымдық беру;
- Интервью алу процесінде балаға жағдай жасау;
- Қоғамдағы жоғары құқықтық сана мен мәдениет.

Оңтүстік Корея тәжірибесі

Оңтүстік Кореяда балаға қатысты зорлық мәселесі мемлекет бақылауында. «National Child Protection Agency» ұйымы ел көлемінде балалардың қауіпсіздігін қадағалайды. 2021 жылы енгізілген «Electronic Monitoring System» арқылы білім беру мекемелерінде, балабақшалар мен үй жағдайында болған оқиғалар тіркеліп, деректер базаға енгізіледі.

Елдегі мектептерде зорлық туралы хабарлау жүйесі (анонимді электронды платформа), оқушыларға арналған құқықтық білім курстары енгізілген.

- Ақпараттық технологиялардың тиімді қолданылуы;
- Білім беру саласында құқықтық мәдениетті қалыптастыру;
- Баланың жеке кеңістігі мен пікірін құрметтеу.

Қазақстанмен салыстырмалы талдау

Көрсеткіш	Қазақстан	АҚШ	Швеция	Корея
Зорлық туралы міндетті хабарлау	Жоқ (кейбір мамандар хабарлай алады)	Міндетті	Міндетті	Міндет
Баланы ұрып тәрбиелеуге заңмен тыйым	Жоқ	Жоқ (кейбір штаттарда ғана)	Бар	Бар
Мамандандырылған орталықтар	Шектеулі (дағдарыс орталықтары бар)	CPS қызметі	Barnahus моделі	Ұлттық орталық жүйесі
Психологиялық көмек	Қолжетімділігі шектеулі	Жақсы дамыған	Жоғары	Мемлекеттік

			деңгейде	деңгейде
Электронды бақылау жүйесі	Жекелеген аймақтарда	Жүйеленген	Бар	Толық енгізілген

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықпен күресте заңнамалық тетіктердің жетілдірілуі, мамандандырылған құрылымдардың жұмыс істеуі және қоғамның белсенді араласуы аса маңызды. Қазақстанда бұл бағытта белгілі бір ілгерілеу болғанымен, кейбір тиімді тәжірибелерді енгізу зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оған жедел әрекет етуде оң нәтиже бере алады.

Зорлық туралы хабарлау жүйесін міндетті ету (АҚШ үлгісі бойынша)

АҚШ тәжірибесінде зорлық туралы күдік туындаған жағдайда педагог, дәрігер, психолог және әлеуметтік қызметкерлердің тиісті органдарға міндетті түрде хабарлауы заңмен бекітілген. Қазақстанда мұндай міндет тек кейбір кәсіби қызметкерлерге ғана жүктеледі және ол да нақты реттелмеген.

Қорытындылай келе:

- «Міндетті хабарлау» принципін Қазақстан заңнамасына енгізуді;
- Осыған байланысты жалған ақпарат бергені үшін емес, хабарламағаны үшін жауапкершілікті нақтылау;
- Мамандар үшін зорлықты тану, тіркеу және хабарлау бойынша нұсқаулықтар мен оқыту курстарын енгізуді ұсынамын.

Баланы ұрып-соғуға заңмен толық тыйым салу (Швеция тәжірибесі)

Швеция 1979 жылы баланы жазалау мақсатында ұруға заңмен тыйым салған алғашқы мемлекет болды. Бұл қадам балалардың дене және психологиялық тұтастығын сақтау мәдениетін қалыптастыруға жол ашты.

Ұсыныстар:

- Қазақстанда ата-аналардың балаларды ұрып тәрбиелеуіне заңды шектеу қою туралы норманы енгізу;
- Баланың дене жазасынан қорғау құқығы туралы жеке баптар енгізілген Балалар құқықтары туралы заңқабылдау;
- Ата-аналарға арналған тәрбиенің зорлықсыз әдістері бойынша ұлттық деңгейде ақпараттық науқан жүргізу.

Психологиялық көмек көрсетудің бірыңғай ұлттық желісін құру

Шетелдік тәжірибе психологиялық көмек жүйесінің қолжетімділігі зорлықты алдын алуда ерекше рөл атқаратынын дәлелдеді. Қазақстанда қазіргі кезде бұл қызмет көбінесе дағдарыс орталықтарының аясында ғана жүзеге асады және барлық өңірлерде бірдей дамымаған.

Ұсыныс:

- Психологиялық қолдау қызметтерінің бірыңғай ұлттық платформасын құру (онлайн/оффлайн);
- Әр мектепке кемінде бір тұрақты штаттық психолог маманын бекіту;
- Психологтардың аттестациясы мен кәсіби біліктілігін арттыру жүйесін күшейту.

«ҚАУІПСІЗ ҚОРҒАНЫС БЕКЕТІ» ЖОБАСЫ

Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында, қоғамдық орындарда балалар үшін арнайы қауіпсіздік жүйесін ұсыну қажет. Бұл – "Қауіпсіз қорғаныс бекеті" жобасы, баланың қауіп сезінген жағдайда жедел түрде көмек алуына мүмкіндік беретін құрылғы.

Жобаның негізгі мақсаты:

Қоғамдық орындарда, балалар алаңдарында, мектеп маңында "Қауіпсіз қорғаныс бекеттерін" орнату арқылы зорлық-зомбылыққа ұшырау ықтималдығын азайту және баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жүйенің құрылымы мен жұмыс принципі:

SOS түймесі – баланың қауіп сезінуі кезінде бір рет басқан кезде құрылғы іске қосылады.

Бейнебақылау камерасы – автоматты түрде жағдайды бақылап, бейнемазмұнды қауіпсіздік орталығына жіберіп отырады. Микрофон мен динамик – бала көмек сұраған жағдайда, ол автоматты түрде тыңдалады және жауап алуға мүмкіндік беріледі. GPS жүйесі – құрылғының орналасқан жері нақты уақыт режимінде көмек қызметіне жіберіледі. Энергия көздері – құрылғы күн панелінен немесе электр желісінен қуат алады.

Жүйенің артықшылықтары:

Автономды жұмыс істейді, яғни ешқандай адамның араласуынсыз көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Қоғамдық орындарда немесе балалардың көп жиналатын жерлерде қауіпсіздік шараларын нығайтады. Бұл жүйе Қазақстанда алғаш рет енгізілетін инновациялық жоба болып табылады.

Қорытынды

Бала – қоғамның айнасы. Оның бойындағы тәртіп, мінез-құлық, сенім мен құндылықтар – қоғам мен отбасындағы ахуалдың тікелей көрінісі. Егер біз зорлық-зомбылыққа ұшыраған, қорғансыз күй кешкен балаларды кездестірсек, бұл ең алдымен қоғамымыздың қай жерінен ақау кеткенін білдіреді.

Тақырыпты саралай келе, Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі екенін байқауға болады. Зорлық-зомбылық – баланың физикалық және психологиялық дамуына кері әсер ететін ауыр қылмыс. Ол тек жеке тағдырды ғана емес, бүкіл қоғамның моральдық келбетін әлсіретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ).
2. «Балалардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2002 жылғы 8 тамыздағы № 345).
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі. Ресми статистикалық мәліметтер. www.mvd.gov.kz
4. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы. Қылмыстық істер бойынша есептер. www.pravstat.prokuror.kz
5. UNICEF. (2022). Child Protection and Violence Prevention. www.unicef.org
6. qamqor.gov.kz – Қазақстан Республикасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті. <https://www.qamqor.gov.kz>
7. Child Welfare Information Gateway (USA). (2023). Mandatory Reporting Laws. <https://www.childwelfare.gov>
8. Save the Children Sweden. (2022). The Ban on Corporal Punishment. <https://resourcecentre.savethechildren.net>
9. Barnahus.eu. (2020). The Nordic Model for Child Protection. <https://www.barnahus.eu>
10. Ministry of Gender Equality and Family, Republic of Korea. (2021). Policies on Child Protection and Gender Equality. <https://www.mogef.go.kr>
11. UNICEF Kazakhstan. (2023). Қазақстандағы балаларға қатысты зорлықтың алдын алу тәжірибесі. <https://www.unicef.org/kazakhstan>

12. Tengrinews.kz. (2025). Ер адам көршісін 7 жасар қыз баланы зорлады деп айыптады – шулы оқиға туралы мәлімет. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/mujchinu-soseda-obvinili-iznasilovanii-7-devochek-514104

13. Алматы облысының прокуратурасы. (2025). Прокуратураның ресми баспасөз ақпараты. <https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuratura-almaty-obl/press/news/details/660347?lang=ru>

УДК 343.6

АДАМ САУДАСЫНЫҢ ҚҰРБАНДАРЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Дүйсен Қарақат Амангелдіқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті «Құқықтану»

мамандығының 2 курс студенті

dujsenkarakat24@gmail.com

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., Ашимова Э.А.

Адам саудасы-қазіргі әлемдегі адам құқықтарын бұзудың ең өткір және қауіпті түрлерінің бірі. Бұл әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне қарамастан барлық дерлік елдерді қамтитын жаһандық проблеманы білдіреді. Адам саудасының құрбандары көбінесе әртүрлі нысандарда қанауға ұшырайды-жыныстық және еңбек құлдығынан мәжбүрлеп қайыр сұрауға және заңсыз асырап алуға дейін. Бұл құбылыспен күресуге бағытталған халықаралық күш-жігерге қарамастан, зардап шеккендерді анықтау және оларды тиімді қорғауды қамтамасыз ету қиын міндеттер болып қала береді. Жәбірленушілерді сәйкестендірудің қиындауының себептерінің бірі-олардың осал жағдайы, қуғын-сүргіннен қорқу, мемлекеттік органдарға сенімсіздік және ықтимал зардап шеккендермен байланыста болған мамандардың жеткіліксіз хабардарлығы. Осыған байланысты адам саудасының құрбандарын ерте анықтаудың, сондай-ақ олардың құқықтарын жүйелі қолдау мен қалпына келтірудің пәрменді тетіктерін әзірлеу және енгізу ерекше өзекті болып отыр. Бұл мақаланың мақсаты адам саудасының құрбандарын анықтау мен қорғаудың қолданыстағы тетіктерін талдау, қолданыстағы жүйенің проблемалық аспектілерін анықтау, сондай-ақ халықаралық тәжірибе мен ұлттық шындықты ескере отырып, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Адам саудасына қарсы күрестің халықаралық-құқықтық негіздері әлемдік қауымдастықтың трансұлттық қылмыстың ең қауіпті түрлерінің бірі мен адам құқықтарының бұзылуына жауап ретінде қалыптасты. Мемлекеттердің осы саладағы халықаралық міндеттемелерін бекітетін негізгі құжат-бұл 2000 жылғы Палермо хаттамасы деп аталатын БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын адам саудасының, әсіресе әйелдер мен балалардың алдын алу және жолын кесу және жазалау хаттамасы. Бұл құжат адам саудасының құқықтық анықтамасын алғаш рет жаһандық деңгейде күш, алдау, мәжбүрлеу немесе пайдалану үшін осалдықты теріс пайдалану қаупін пайдаланып адамдарды жалдау, тасымалдау, беру, жасыру немесе алу сияқты әрекеттер жиынтығы ретінде берді. Пайдалану дегеніміз, оның ішінде жыныстық қанау, еңбек қанауы, құлдық, органдарды алу және басқа да нысандар [1].